

- 28 Mincer Dzh. *Schooling, experience and earnings*, New York, 1974.
- 29 Murphy K.M., Welch F. *Quarterly Journ. J Econ.*, 1992, 107, p. 285–326.
- 30 Denison Ye.F. *Sources of economic growth in the United States*, Washington, 1962; Schultz T.W. *The economic value of education*, New York, 1963.
- 31 Barro R.Dzh., Sala-i-Martin X. *Journ. Polit. Econ.* 1992, I Vol. 100, p. 223–251; Becker G.S., Murphy K.M., Tamura R. *Human capital, fertility and economic growth*, Ibid. 1990, vol. 98, p. S12-S37; Lucas R.Ye. *Monetary Econ.*, 1988, 22, p. 3–42; Romer P.M. *Polit. Econ.*, 1986, 94, p. 1002–1037.
- 32 Mincer I. *Schooling, experience and earnings*, New York, 1974.
- 33 Farrell C., Mandel M. *Business Week*, 1992, October 26, p. 36–37.
- 34 Arrow K.Dzh., Kurz M. *Public investment the rate of return and optimal fiscal policy*, Baltimore, 1970; Cass D. *Rev. Econ. Studies*. 1965, 32, p. 233–240.
- 35 Boserup Ye. *Women's role in economic development*, London, 1970.
- 36 Becker G.S. *Journ. Polit. Econ.*, 1974, 82, p. 1063–1093.
- 37 Barro R.Dzh. *Are government bonds net wealth?* Ibid. 1974, 82, p. 1095–1117.
- 38 Becker G.S. *A treatise on the family*. Cambridge, 1991; Bergstrom T. *Journ. Polit. Econ.* 1989, 97, p. 1138–1159; Lindbeck A., Weibull Dzh.W. *Strategic interaction with altruism: The economics of Fair Accompli*. Unpublished paper, University of Stockholm, 1987.
- 39 Becker G.S., Murphy M. *Journ. Law: and Econ.*, 1988, 31, p. 1–18.

ӘОЖ 339.16

Д.М.Мадиярова, А.А.Рахимбаева

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана*  
(E-mail: asema.31.1983@mail.ru)

### **Еуразиялық экономикалық одақ: Қазақстанның сыртқы саудасының жағдайы мен болашағы**

Мақалада Қазақстанның сыртқы саудасының сыртқы жағдайы, халықаралық экономиканың даму болашағы туралы мәселелер ашылған. Сыртқы сауда экономикалық өсудің факторы ретінде экономиканың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Еуразиялық экономикалық одаққа кіру ахуалы бойынша сұрақтар қарастырылған. Әлемдік сауда туралы деректер Қазақстанның негізгі экспорттаушы ел екенін растайды, алайда ол бірқатар елдерден әлдеқайда артта қалып келе жатыр. Бұл ретте Қазақстанның әлемдік экспорттағы экспорт үлесінің өсу қарқыны бойынша рейтингтегі орныққан орны тұрақты емес. Соңғы он жылдықта (2003–2013) экспорттың құрамында күрделі өзгерістер байқалмады. Қазақстанның сыртқы саудасында осы күнге дейін оң сальдо сақталып келеді. 2013 жылы ол сальдо 33,6 млрд долл. тең болды.

*Кілт сөздер:* сыртқы сауда, сауда балансы, Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық одақ, шикізат және шикізат емес тауарлар, Қазақстан, Ресей, Белоруссия.

Елдер арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың сипаты мен құрылымдық өзгерістері, ең алдымен, сыртқы тауар саудасынан көрінеді. Ұлы географиялық ашылулар кезеңіне дейін халықаралық тауар саудасына санаулы елдер ғана қатысты, тіпті қазіргі кезде дүние жүзіндегі басты сауда орталықтарының біріне айналған еуропа елдерінің де сауда жасау аумағы шектеулі сипат алды. Бұған елдер мен дүние бөліктері арасындағы көлік қатынасының нашарлығы, саяси жағдайдың тұрақсыздығы, басқа елдер жөнінде нақты ақпараттың жетіспеуі себепші болды. Көбінесе басқа елдерден өте қымбат және сирек кездесетін тауар түрлері әкелініп, саудаға салынатын. Құрлықтағы негізгі халықаралық сауда жолдары қатарына Азия мен Еуропаны жалғастырған Ұлы Жібек жолы мен Еуропаның солтүстігі мен оңтүстігін байланыстырған сауда жолы жатады. Орта ғасырларда арабтар Сахара арқылы өтетін сауда маршрутын жасады; бұл жол Арабияны Солтүстік Африкамен, одан әрі Оңтүстік Еуропамен жалғастырды.

Көлік құралдарының жетілуі, Еуропада өнеркәсіптің өркендеуі, жаңа жерлердің ашылуы дүниежүзілік сауда қатынастарының ауқымын кеңейтті. Көп жүк көтеретін ірі кемелер легі Жаңа Дүниеден Еуропаға шикізат пен алтын тасымалдады. Соның нәтижесінде XVIII ғасырда сауда көлемі бес есе артты. XX ғасырдың басына қарай дүниежүзілік сыртқы сауда айналымындағы Еуропа

елдерінің үлесі 50 %-ға жетсе, Солтүстік Америка елдерінің үлесі 20 %-ды құрады. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы сауда көлемі ғасыр басындағымен салыстырғанда 14 еседей өсті.

Қазіргі кезде ұлттық шаруашылықтардың халықаралық сауда жүйесіне неғұрлым жедел тартылуына қарамастан, дүниежүзілік тауар айналымының шоғырлану дәрежесі жоғары. Мұны дүниежүзілік экспорт пен импорттың географиялық құрылымынан айқын көруге болады. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік тауар айналымының 72 %-ы — Батыс Еуропа мен Азия елдеріне, ал Солтүстік Америка үлесіне 17 %-ы тиесілі болды. Өтпелі экономика тән бұрынғы социалистік елдердің үлесі бар болғаны 4 %-ды құрады. Дүниежүзілік тауар айналымында Азияның жаңа индустриялық елдерінің үлесі артып келеді, оларға әлемдік экспорттың 10 %-ға жуығы тиесілі. Корея Республикасының әлемдік экспорттағы үлесі 2008 жылы 2,9 % болса, импорты — 2,6 %; Сингапурдың үлесі сәйкесінше 2,3 және 2,2 %-ға тең.

XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы саудада дамыған 25 ел жетекші орын алды. Оларға әлемдік экспорттың — 84 %-ы, импорттың 82 %-ы тиесілі болды. Дамыған елдер өзара тауар айналымы жөнінен де жетекші орынға ие; АҚШ пен Канада арасындағы тауар ағыны дүниежүзілік керсеткіштің 3,2 %-ын құрады. Сыртқы сауданың тауарлық құрылымы халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне, өндірістік және тұтыну тауарларына деген сұраныстың артуына тікелей байланысты. Тауар айналымының құрылымы ГТР әсерінен үлкен өзгеріске түсті. Ел экономикасына ықпал ететін маңызды көрсеткіштің бірі — сыртқы сауда сальдосы, оны экспорт пен импорт көлемінің айырмасы құрайды. Қытайдың сыртқы саудасына тұрақты оң сальдо (экспорт көлемі импорттан артық) тән болса, АҚШ-тың сыртқы сауда айналымы теріс мәнге ие.

Сыртқы сауданы халықаралық дәрежеде реттеу бағытында 1947 жылы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімде аталатын халықаралық ұйым пайда болды. Бұл құрылым негізінде 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымы құрылды. Қазіргі кезде құрамында 132 ел бар бұл Ұйым халықаралық сауда қатынастарын реттеумен қатар, қызмет көрсету, инвестиция және ақыл-ой меншігін қорғау саласында белсенді әрекет ететін үйлестіруші құрылым болып табылады. Ұйым құрамына кіруге Қазақстанда ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. БҰҰ жанындағы Сауда мен даму жөніндегі комиссия да (UNCTAD) өз жұмысын елімізде белсенді жалғастыруда [1; 379–436].

Халықаралық экономиканың дамуының ең басты құралдарының бірі — халықаралық сауда. Оның көмегімен еңбектің өнімділігі жақсартады және көтеріледі, өндірістің көлемі ұлғаяды. Жалпы алғанда халықаралық сауда мамандандыруды жетілдіретін құрал болып табылады, өз қорларының өнімділігін жоғарлатады және сол арқылы өндірістің жалпы көлемін үлкейтеді. Егеменді мемлекеттер, жеке тұлғалар және өңірлер, елдер бұйымдарды мамандандырулардың арқасында ұтып алады, олар көп есе салыстырмалы тиімділікпен өндіріп ала алады.

Елдер бірнеше себептер бойынша сауда жасап жатыр. Біріншіден, экономикалық қорлар — табиғи, адамгершілік, инвестициялық тауарлар — әлем елдері арасында өте бір қалыпты үлестіріліп жатыр; экономикалық қорлар жағынан өзгешеленеді. Екіншіден, әр түрлі тауарларды тиімді өндіру түрлі технологияларды немесе қорлардың комбинацияларын қажет етеді.

Сыртқы сауда экономикалық өсудің факторы ретінде экономиканың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Елдердің өндіріс факторларындағы, табиғи-географиялық жағдайларға монополия сияқты дәстүрлі салыстырмалы артықшылықтары емес, инновациялық үдерістермен, жаңа ақпараттық технологиялармен, тұтынушыны таңдаумен, оның табысының деңгейімен байланысты артықшылықтары шығады [1; 379–436].

Біздің пікірімізше, Қазақстандағы экономикалық өсудің бәсеңдеуінің маңызды себептерінің бірі экспорттың өсу қарқындарының төмендеуі. Импорттың жылдам өсуінің сақталуы барысында экспорттың өсуінің айтарлықтай бәсеңдеуі тұрғысынан, ДЖӨ-дегі таза экспорттың үлесі 2013 жылдың өзінде-ақ болымсыз болып қалды. Сол шақта ішкі сұраныстың өсуінің баяу қарқыны барысында, Қазақстанның әлемдік нарықтарға қатысуын кеңейту экономикалық өсуді жеделдетудің ең бір маңызды тәсіліне айналып отыр.

Әлемдік сауда туралы деректер Қазақстанның негізгі экспорттаушы ел екенін растайды, алайда ол бірқатар елдерден әлдеқайда артта қалып келе жатыр. Бұл ретте Қазақстанның әлемдік экспорттағы экспорт үлесінің өсу қарқындары бойынша рейтингтегі орныққан орны тұрақты емес. Көбінесе бұл — экспорттың құндық көлемдерінің өзгеруі энергия қорларына, металдарға және шикізатқа бағаның құбылмалы динамикасымен анықталатынымен байланысты.

Есептеулер Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекелес жайғасымдары, жалпы алғанда 2002–2013 жылдар ішінде бекігенін көрсетеді — экспорттың өсу қарқыны әлемдік орта көрсеткіштен асып

жығылатын. Бұл ретте Қазақстан экономикасының экспорттық бағдарының деңгейі (ІЖӨ-дегі экспорттың үлесі) біртіндеп төмендей бастады, оның ішінде ішкі нарықтың озық дамуының салдарынан да. Әлемдік экономикадағы экспорттың үлесі, керісінше, қорлардың салыстырмалы құнының көтерілуі және өндірістердің дамыған елдерден дамушы елдерге ауыстырылуының есебінен сауданың жандануы себепті өсті.

Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, «2009 жылдан бастап Қазақстанның еуропалық экономикалық кеңістік және Кедендік одақ бойынша әріптестерімен арадағы сауда айналымы 88 %-ға — 24,5 млрд долл. өскенін» атап өтті. Біздің Ресей мен Белорусияға шығаратын экспортымыз 63 %-ға өсті, оның ішінде өңделген тауарларды шығару екі есеге артты.

Сарапшылар жаһандану үдерісіне және инновацияларға экономикалық өсу факторлары ретінде жеткілікті көңіл бөлмейді. Соңғы жылдары жаһанданудың жаңа үрдістері байқалуда. Әлемдік экономиканың жалғасып келе жатқан өсуі жаңа өткізу нарықтары үшін, бұрынғыларын кеңейту үшін күреспен ілесе жүруде. Көбінесе бұл күрес жасырын, бүркемеленген сипатқа ие, бірақ оған бола ол өзінің өткірлігін жоғалтпайды.

2013 жылы әлемдік сауда көлемі 18,2 трлн долл. асып түсті. Қытай 4,16 трлн долл. көрсеткішімен АҚШ-ты (3,57 трлн долл.), Жапонияны (1,7 трлн долл.), ЕО (1,7 трлн долл.) артқа тастап, бірінші орынға шықты. Шекарасыз саудада онлайн-сауданың жегістіктері көрнекті, оның көлемдері 2013 жылы 1,25 трлн долл. жетті. Әлемдегі еларалық, блокаралық сауданың өсуімен қатар, блоктардың, одақтардың ішіндегі өзара сауда қарым-қатынастары айналым алуда. Әр түрлі аймақтық блоктар құрылып, нығаюда, оның ішінде — Еуропалық одақ (ЕО), НАФТА, МЕРКОСУР, АСЕАН, Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы (АТЭЫ) және тағы басқа одақтар [2].

Сауда-экономикалық одақтарының, еркін сауда аймақтарының және ортақ нарықтардың саны 290-нан асады. Іс жүзінде түгелге дерлік елдер әр түрлі деңгейде оларға тартылған. Мұндай қауымдастықтардың ішіндегі өзара сауда көлемдері өсу үстінде. Мысалы, НАФТА Солтүстік Америкалық еркін сауда аймағындағы (АҚШ, Канада, Мексика) өзара сауда көрсеткіштері 2013 жылы 1,14 трлн долл. асса, АСЕАН Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің еркін сауда аймағында бұл көрсеткіш 750 млрд долл., МЕРКОСУР Оңтүстік Америкалық ортақ нарықта (Аргентина, Бразилия, Венесуэла, Уругвай, сондай-ақ Боливия, Колумбия, Перу, Чили, Эквадор) 54 млрд долл. жеткен. Әлемдік сауда көлемдерінің 10,7 %-ы тек осы үш еркін сауда аймағының үлесіне ғана келеді.

Еуропалық экономикалық одаққа мүше-елдер ішіндегі (Ресей, Қазақстан, Беларусь) аталған көрсеткіш 2013 жылы 64,1 млрд долл. құрады. Бұл ретте Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа (ЕЭҚ) мүше-елдердің Ресей сыртқы саудасындағы үлесі — 6,9 %-ды, Қазақстанның сыртқы саудасындағы үлесі — 18,4 %-ды, Беларусьтің сыртқы саудасындағы үлесі 50,6 %-да құрады. Жалпы, ЕЭҚ мүше-елдерінің сыртқы саудадағы айналымын жиынтықтағанда 1 077,5 млрд долл. құрайды (Ресей — 865,9 млрд долл., Қазақстан — 131,4 млрд долл., Беларусь — 80,2 млрд долл.), өзара сауда үлесі 2013 жылы 11,6 %-ды құрады.

ЕЭҚ-ның Беларусиядан басқа мүше-елдерінің өздері үшін, олар басым болып табылмайды. Мысалы, Ресей саудасында аса маңызды әріптестері 2013 ж. Қытай (88,8 млрд долл.), Нидерланды (76,0 млрд долл.), Германия (75 млрд долл.), Италия (53,8 млрд долл.), Украина (38,2 млрд долл.) болды. Қазақстан үшін жетекші әріптестері ЕО (53,3 млрд долл.), Қытай (28,6 млрд долл.), Ресей (23,5 млрд долл.) болды. Беларусь 738,8 млн долл. өзара сауда айналымы көлемімен 2013 жылы Қазақстанның бүкіл сыртқы саудасының небары 0,6 %-ын құрады [3].

Осылайша, біздің елдеріміз өзара сауда-экономикалық қатынастарын жандандыра және оларды барынша жоғары деңгейге ауыстыра отырып, өзге елдермен де өзара әрекеттестігін қысқартпайды.

Соңғы жылдары өңдеуші салаларды, әсіресе жаңа инновациялық салаларды үдемелі дамыту бағдарламаларын іске асырумен байланысты, жаңа өнімді өткізу нарықтары туралы мәселе бас көтерді. Бұл ретте, ел халқының санын, отандық нарықтың тарлығын ескергенде, көптеген өндірушілер үшін қандай да бір өнімді шығаруды меңгеру тиімсіз болып отыр. Бұл ұлттық экономиканы әртараптандырудың табиғи шектеуші болып табылады. Өндірісті бірден үлкен көлемдерден бастау және біздің жаңадан бастаған кәсіпкерлік үшін өткір бәсекелес болып табылатын нарыққа шығу үлкен тәуекелдің ісі болар еді. Отандық бизнестің жинақталған әлеуеті әлемдік нарықта өзімізді салыстырмалы түрде емін-еркін ұстауға әлі де мүмкіндік бермейді.

Бәсекелестіктің қатаң қыспағы жағдайларында дұрыс болып табылатын жалғыз нәрсе — ықпалдастық. Біздің Елбасымыз бұл мәселелерді бірнеше мәрте көтерген және еуразиялық ықпалдастық идеясын табандылықпен қозғап келе жатыр. Бұл идеяны іске асыру үшін барынша салмақты дәйектер бар. Ең алдымен, орталық әріптес ретінде неліктен Ресей таңдалып алынды. Бірінші дәйек — бұл табиғи артықшылықтары. Бұл елмен бізде ең ұзаққа созылған шекара — 7 мың

км. Ресей Федерациясының 12 субъектісі, оның ішінде Ресейдің өнеркәсіптік жағынан дамыған аймақтары — Самара, Волгоград, Челябині, Омбы губерниялары — Қазақстанмен шектеседі, ал біз жағымыздан Қазақстанның 8 облысы, яғни ел аймақтарының жартысы. Бізде бұрыннан қалыптасқан сауда-экономикалық байланыстар бар. Бірақ шекаралас аймақтар барынша белсенді қызметтестікте [3].

Қазақстанның Ресеймен сыртқы саудасы 2012 жылғы 23,1 млрд-тан 2013 жылы 23,5 млрд долл. дейін артты және Қазақстанның бүкіл сыртқы сауда айналымының 17,9%-ын құрады. Бұл ретте Қазақстан-Ресей сауда-экономикалық қатынастарындағы теріс сальдо көлемі өсуде. Мысалы, 2012 ж. бұл көрсеткіш 10,8 млрд, 2013 ж. — 11,9 млрд долл. құрады. Беларусьпен арада да осыған ұқсас жағдай. 2012 ж. сауда айналымының 791,5 млн долл. көлемі барысында теріс сальдо 608,3 млн долл. құраса, 2013 ж бұл көрсеткіштер, тиісінше, 738,8 млн долл. және — 624,6 млн долл. құрады. Бір жыл ішінде Қазақстанға кірген белорустық экспорт 97,4%-ға дейін кеміді, ал Қазақстан тауарларының импорты 62,3%-ға дейін қысқарды [4].

ЕЭҚ елдерінің өзара сауда көлемі 2014 жылдың бірінші тоқсанында \$13,2 млрд долл. құрады. 2013 жылдың қаңтар-наурыз айларымен салыстырғанда ол 12,6%-ға кеміді.

ЕЭҚ-ға мүше-мемлекеттердің үшінші елдермен сыртқы сауда көлемі қаңтар-наурызда 213,4 млрд долл. құрады, бұл 2013 жылдың ұқсас мерзімімен салыстырғанда 2,1%-ға аз. Бұл ретте үшінші елдерге экспорт 141,5 млрд долл., импорт — 71,9 млрд долл. деңгейінде қалыптасты. Тауарлармен сыртқа сауда сальдосы оң, 69,6 млрд долл. мөлшерінде. 2013 жылдың қаңтар-наурызында оның көлемі 65,4 млрд долл. құраған.

Ресей экспорты 2,3%-ға, 114,9 млрд долл., импорты — 5,4%-ға, 62,4 млрд долл. құлады, сыртқы сауда теңгерімінің сальдосы 52,5 млрд долл. деңгейінде болды. Қазақстанда экспорт 14,5%-ға, 21,4 млрд долл. дейін өсті, импорт 6,5%-ға, 5,5 млрд долл. дейін төмендеді, оң сальдо 15,9 млрд долл. құрады.

Беларусь Республикасының статистикалық қызметінің дерекқоры бойынша, (кестені қара) Беларусь Республикасының ЕЭҚ-ның барлық мүше-елдерімен және негізгі сауда әріптестерімен жалпы сауда айналымы, экспорты және импорты туралы мәліметтер келтірілген (жалпы сауда айналымының 1%-ынан астамы) [5].

К е с т е

#### ЕЭО-на мүше-елдердің экспорт және импортының жалпы сауда айналымы туралы мәлімет

Р/с №	Елдер	Беларусь Республикасының тауар айналымының жалпы үлесі, %	АҚШ экспорты, млн долл.	2014 ж. қаңтар-наурызы 2013 ж. қаңтар-наурызы, %	АҚШ импорт, млн долл.	2014 ж. қаңтар-наурызы 2013 ж. қаңтар-наурызы, %
1	Ресей	48,5	3 636,8	95,6	5 246,6	91,6
2	Украина	6,8	897,8	94,8	352,7	70,2
3	Біріккен әмірлік	6,0	1 043,3	469,4	50,1	84,5
4	Германия	5,4	443,4	100,8	552,1	80,6
5	Қытай	3,9	160,5	62,9	557,4	90,9
6	Польша	3,7	261,6	132,9	409,0	119,3
7	Италия	3,3	355,1	126,1	246,0	119,9
8	Нидерланды	2,9	446,6	29,6	80,3	84,6
9	Литва	2,1	292,1	143,8	92,0	83,6
10	Бразилия	1,5	227,4	201,6	46,8	73,1
11	Қазақстан	1,2	188,2	121,2	25,3	134,4
12	Молдова	0,4	53,7	76,8	19,6	94,7
13	Түрікменстан	0,3	58,3	122,2	0,3	30,0
14	Қырғызстан	0,2	41,5	89,1	2,8	104,0
15	Әзербайжан	0,2	25,8	110,0	1,8	58,4
16	Өзбекстан	0,1	12,7	62,0	9,1	114,2
17	Тәжікстан	0,05	8,1	93,0	0,9	55,7
18	Армения	0,04	6,4	115,5	1,8	188,5

Ескерту. Дерек көзі: ҚР Статистика бойынша агенттігі және Беларусь Республикасының Статистикалық мәліметтері комитеті.

Қазақстанмен сауда айналымы 2013 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 22,7%-ға, немесе 39,4 млн долл., артты және 213,5 млн долл. құрады; сыртқы сауда сальдосы 162,9 млн долл. көлемімен оң қалыптасты. Экспорт 21,2%-ға өссе, импорт 34,4%-ға артты.

Ресей Федерациясымен сауда айналымына келер болсақ, 2013 жылдың қаңтар-наурыз айларымен салыстырғанда, 6,8%-ға азайды және 8,9 млрд долл. құрады, сыртқы сауда сальдосы 1,6 млрд долл. көлемінде теріс қалыптасты. Экспорт 4,4%-ға, импорт 8,4%-ға кеміді.

Сыртқы сауданың басым бөлігі небары 4–5 елдермен шектелген (РФ, ҚХР т.б.). Сондықтан халықаралық экономикалық немесе саяси ахуал күрделі болғанда туындайтын тәуекелдер мен қауіптіліктерді болдырмау мақсатында Үкімет сыртқы сауданы елдер бойынша барынша диверсификациялау керек.

Диверсификацияның жаңа бағыттары ретінде түркі тектес елдер мен Орталық Азия мемлекеттері болуы ықтимал. Мәселен, түркі тектес елдердің Қазақстанның сыртқы саудадағы үлес салмағы небары 6%.

Экспортта, негізінен, шикізаттардың үлес салмағы әлі де мол. Мемлекеттік индустриалдық-инновациялық бағдарлама аясында шикізаттық емес тауарлардың үлес салмағын экспортта көбейту жөнінде қосымша шаралар қабылдаған орынды.

Кеден одағына мүше-мемлекеттерде экспорт кезінде пайда болатын әкімшілік немесе өзге де заңсыз кедергілер әлі де сақталып отыр, әсіресе Ресей Федерациясы. Сол себептен Үкімет оларды алып тастау немесе жою жөнінде РФ Үкіметімен бірлесе отырып, кейбір қадамдар жасаулары қажет [6].

Қазіргі таңда отандық экспорт инвестициялық белсенділіктің сипаттарының белгілерінің пайда болуымен Қазақстан экономикасының тұрақтануы үрдісінде дамып жатыр.

Экономиканы модернизациялаудың және оның экспорттық әлеуетін нығайтудың маңызды тетігі болып капиталдар салымы көлемінің үздіксіз артуы болып табылады. Экспортқа бағытталған өндірісті және экспортты ынталандырудың қосымша көзі ретінде халықаралық лизингті пайдалану арқылы инвестициялық жобаларды аралас мемлекеттік коммерциялық қаржыландыру болып табылады [7].

Сыртқы жағдаятты жақсартудың және Қазақстан экспортының кірістілігін көтерудің қосымша факторы ретінде отандық өнімдерді шет елдерге жеткізудің географиясын кеңейту, экспорт кезіндегі тауарлардың кедендік құнын анықтаудың, оны негізсіз төмендетуін болдырмау мақсатында жүйені жасау, өндірушілер мен экспорттаушылардың салалық одағының ұсынған төменгі экспорттық бағаны бекітудің тәжірибесін кеңейту керек.

Бүгінге дейін Қазақстан экспортына тежегіш әсерін тигізетін факторлар мыналар:

- отандық өнеркәсіп өнімдерінің бәсекеқабілеттілігінің төмендігі;
- өндіруші өнеркәсіптің көптеген кәсіпорындарының қаржылық жағдайының ауырлығы, бұл ішкі ресурстар және бәсекеге қабілеті бар өндірістің коммерциялануы есебінен келешегі зор экспортқа бағытталған жобаларды инвестициялауға мүмкіндік бермейді;
- экспорттық өнімдердің саласын бақылау мен сертификациялаудың отандық жүйелерінің жеткіліксіз дамуы;
- Қазақстан экспортының қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының жетілдірілмегендігі;
- Қазақстанның көптеген кәсіпорындарының экспорт саласындағы жұмыс тәжірибесінің және арнайы білімінің жетіспеуі және олардың сыртқы рынокқа шығуының координациялануы;
- бұрынғы кеңестік кеңістіктегі дәстүрлі өндірістік байланыстардың үзілуі;
- табиғи монополиялардың қызметтері мен өнімдеріне деген бағаның өңдеуші өнеркәсіптің өнімдеріне деген бағаның өсуімен салыстырғанда асып түсуі;
- несие мен инвестициялар үшін Қазақстанның халықаралық рейтингінің төмен болуы.

Бұл Қазақстан экспортын дамытуда шетел қаржысын пайдалануды қиындатады. Қазақстан экспортының келешегі мен жағдайын анықтайтын факторлардың жиынтығын есепке алып, бір жағынан, экспорттық қызметтегі бар кедергілер мен қиындықтарды тиімді жеңе білуге, екінші жағынан, экспортты дамыту үшін Қазақстанның сыртқы экономикалық саясаты мен экономикасындағы болып жатқан жағымды өзгерістерді барынша пайдалануға мүмкіндік беретін экспортты ынталандырудың мемлекеттік шаралардың біртұтас жүйесін құру қажет.

Осыған байланысты экспорттаушыларға мемлекеттік қолдаудың тиімді тетіктерін құру келесі арнайы бірқатар мәселелерді шешуді көздейді:

- мемлекеттің қатысуымен экспортты сақтандырумен несиелердің механизмдерінің қызмет етуін қамтамасыз ету, сонымен қатар экспорттық несиелер бойынша мемлекеттік кепілдік міндеттемелерді табыстау;
- Қазақстанның экспорттық өнімдерін белсенді жылжыту мен отандық кәсіпорындардың мүддесін шетелде қорғау бойынша мемлекеттік органдардың жедел жұмысын ұйымдастыру.

Сонымен, таяу және орта мерзімдік болашақта Қазақстан экспортында шикізаттық бағыт сақталады, ал мәселе сәйкес салалардың материалдық-техникалық базаларын бекіту болып табылады. Осы бағыттағы маңызды қадам болып отын-шикізат салаларындағы инвестициялық қызметті жандандыру болып есептеледі. Отын-шикізат экспортының тиімділігін арттыру ерекше мағынаға ие болады.

Атап айтсақ, өңдеудің тереңдігін ұлғайту және шетелге шығарылатын шикізат тауарларымен жартылай фабрикаттардың сапасын жақсарту, келісімнің бағалық және өзге де шарттарын үйлестіру, сыртқы рыноктағы жағдаятқа байланысты шикізат салаларының біртұтас экспорттық әлеуетін икемді шебер пайдалану, сонымен қатар мемлекеттің қаржысынан әлемдік бағаның өзгеруіне қарсы, экспорттық резервтерді тұрақтандыратын қор құру; экспорт бойынша шығындарды азайту мақсатында көлік инфрақұрылымын жетілдіру.

Қазақстан экспортындағы отын-шикізат тауарларының басымдығы халықаралық еңбек бөлінісіндегі Қазақстанның нақты және аса маңызды бәсекелік артықшылықтардың объективті бейнесі болып табылады. Қазақстанның әлемдік экономикаға тең құқықты әріптес ретінде ықпалдасуы, дайын өнімнің үлес салмағын арттыру пайдасына сыртқы экономикалық айырбастың пропорциясының құрылымын жақсартуынсыз, өндірістік ғылыми-техникалық кооперация, инвестициялық достастық, инновациялық жобаларды бірігіп жүзеге асыру сияқты достастықтың тиімді нысандарын меңгерусіз мүмкін емес. Осындай себеппен Қазақстанның ұзақ мерзімді негізгі экспорттық стратегиясы болып жоғары дәрежеде өңделген тауарлардың экспорты болып табылады.

Ұлттық экспорттық стратегияның маңызды элементі ретінде еліміздің экспорттық әлеуетін дамыту үшін халықаралық экономикалық достастықтың әр түрлі нысандарын қолайлы пайдалану болып табылады [8].

Соңғы жылдары мынандай нысандар, шетел инвестицияларын тарту және біріккен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар құру, компенсациялық негіздегі достастық, несиелік келісімдер, лицензиялық сауда, халықаралық лизинг, инжиниринг, еркін экономикалық аймақтарды құру кеңінен таралып отыр.

Экспортты дамытудың шешуші факторы ретінде тауарлардың құрылымын жетілдіру мен ассортименттерді кеңейтуге мүмкіндік туғызатын ұлттық шаруашылықтың бәсекеқабілеттілігін арттыру болып табылады. Сондықтан да өзекті мәселе ретінде отандық өнеркәсіп өнімдерінің бәсекеқабілеттілігін арттыратын, кешенді мемлекеттік бағдарламалар мен алдыңғы қатарлы технологиялар мен өнімдерді меңгеруге жеке, соның ішінде шетел капиталдарының құйылуының ұйымдастыру-құқықтық және өзге де шарттарын белгілейтін мемлекеттік коммерциялық жобаларды дайындап шығару болып табылады.

Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайы мен оның сыртқы-экономикалық қызметінің дамуының өзекті қиындықтарын есепке алып, экспортқа қаржылық көмек беру саласындағы бірінші кезектегі мәселелерге мыналар жатады:

- экспортқа бағытталған ұйымдар мен өндірістің айналым қаражаттарын қамтамасыз ету үшін тартылған өкілетті банктердің несиелер ресурстары бойынша кепілдік міндеттемелерді беру;
- экспорттаушыларды қорғауды қамтамасыз ету үшін коммерциялық және саяси тәуекелдерден экспорттық несиелерді сақтандыру мен мемлекеттік кепілдік міндеттемелерді табыстау.

Қазақстан экспортын ынталандыратын қаржылық көмек берудің басқа да бағыттарының арасынан мынадай шараларды қарастыруға болады:

- экспорттық жеткілізімдерді қаржыландыратын банктерге мемлекеттік кепілдіктерді табыстау;
- халықаралық саудаға қатысу үшін берілген несиелер бойынша мемлекеттік кепілдік беру;
- сыртқы рынокты игеруге байланысты операцияларды сақтандыру;
- өнеркәсіппен, одан әрі тауарлар мен қызметтердің экспортына байланысты шағымдарды арбитраждық сотта қарау кезіндегі мемлекеттік баждардың көлемін төмендету.

Қазақстандағы экономикалық өзгерістердің қазіргі кезеңінде, ашық нарықтық шаруашылықтың түпкілікті жаңа құқықтық және институционалдық негізін қалыптастырудың белсенді процесі жүріп

жатқанда, мемлекеттің экспорттық қызметті ұйымдастыру және өзге де қамтамасыз ету шаралары, нормативті базаны жетілдіру бойынша мақсатты күш салуы ерекше мағынаға ие болады.

Сайып келгенде, шығатын қорытынды: экспортты ынталандыру — экономиканы дамытудың басымдылықтарының бірі қазіргі уақытта маңызды. Анығында, таза экспорттың өсу жылдамдығының төмендеуі ЖІӨ-нің өсуінің төмендеуі басты себебі болды.

Қазақстанның экспорттық саясаты жаһандану экономикасында елдер позициясын күшейтуге, сыртқы экономика саласының жоғарлауына үлес қосу, ұлттық шаруашылықты жаңғыртуға бағытталған. Бірігу процесі Қазақстанға экономикалық кеңістікке қатал күрес кезеңінде сенімді серіктестікті қамтамасыз етеді [9].

Әлемде күнде сауда тартысы болып жатыр. Кеше барлығы ӘСҰ-ке мүше болғанда, дағдарыс кезінде дамыған елдер жақтау саясатын жүргізді. Экономикалық кеңістік үшін талас үлкен сипат алады, әлем күрделі бола бастады. Әлемдік сауданың көлемі өсе бастады. Бұл байланыста біз одақты, сенімді әріптесті қажетсініп жатырмыз.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Manova K., Zhang Z.* Export Prices across Firms and Destinations // *Quarterly Journal of Economics.* — 2012. — № 127 (1). — P. 379–436.
- 2 *Алианов Р.* Казахстан. Live. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.kazakhstanlive.ru/news/news-economy/news-id-1000>
- 3 *Алианов Р.* Экономическая политика и развитие взаимных бизнес-процессов в условиях евразийской интеграции // *Казахстанская правда.* — 2014. — 14 апр.
- 4 Қазақстанның ішкі сауда статистикасы // ҚР-ның Статистика бойынша агенттігі. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://kazdata.kz/11/2014-01-export-import-kazakhstan.html>
- 5 *Нурша А.* Эволюция политической мысли в Казахстане по проблемам евразийской интеграции: «Евразооптимисты» и «евразоскептики» Казахстана. — Астана–Алматы, 2014. — С. 96–136.
- 6 *Schott P.* Across-Product versus Within-Product Specialization in International Trade // *Quarterly Journal of Economics.* — 2004. — № 119 (2). — С. 647–678.
- 7 Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1145 Қаулысы.
- 8 Мәскеуде еліміздің тауарларын Ресейге экспорттау мәселесі талқыланды // *Егемен Қазақстан.* — 2014. — 18 тамыз.
- 9 Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1145 Қаулысы.
- 10 *Исекешев Ә.* [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://inform.kz/rus/article/2440763>, Ағымдағы жылы қазақстандық экспортты ынталандыру саясатын жүзеге асыру жалғасатын болады. 2012. — 14 ақп.
- 11 Индустриаландырудың екінші бесжылдығы ел экспортын өрістетеді // *Егемен Қазақстан.* — 2014. — 3 шілде.

Д.М.Мадиярова, А.А.Рахимбаева

### **Евразийский экономический союз: состояние и перспективы внешней торговли Казахстана**

В статье изучен вопрос о состоянии внешней торговли, рассмотрены проблемы развития международной экономики. Отмечено, что фактор внешней торговли играет важную роль в формировании и развитии экономики. Также автором рассматривается вопрос о вхождении Казахстана в Евразийский экономический союз. Выделено, что данные о всемирной торговле подтверждают, что Казахстан — один из главных экспортеров, но среди экспортирующих стран его место в рейтинге роста экспорта официально не установлено. Показано, что на протяжении последнего десятилетия (2003–2013 гг.) в структуре экспорта не произошло кардинальных изменений. В статье подчеркнута, что в казахстанской внешней торговле сохраняется положительное сальдо, в 2013 г. составившее 33,6 млрд долларов.

D.M.Madiyarova, A.A.Rakhimbayeva

## Formation of innovation human capacity at the enterprises of Kazakhstan Republic

In this paper studied the question of foreign trade and the problems of the international economy. Foreign trade factor plays an important role in the formation and development of the economy. It also discusses the issues of Kazakhstan's joining the Eurasian Economic Union. Data on global trade confirms that Kazakhstan is a major exporter, but it is behind of some countries. Among the exporting countries, Kazakhstan's position in the rating of export growth has not been formally established. It is shown that there has not been any drastic changes in the structure of exports during the last decade (2003–2013). A balance in Kazakhstan's foreign trade is maintained by this day. In 2013 the balance amounted to 33.6 billion dollars.

### References

- 1 Manova K., Zhang Z. *Quarterly Journal of Economics*, 127 (1), 2012, p. 379–436.
- 2 Alshanov R. *Kazakhstan. Live*, <http://www.kazakhstanlive.ru/news/news-economy/news-id-1000>
- 3 Alshanov R. *Economical policy and development of business processes in terms of Eurasian integration*, Kazakhstan Today, 2014, April, 14.
- 4 *Kazakhstan domestic trade statistics* // Statistical Agency of Kazakhstan, <http://kazdata.kz/11/2014-01-export-import-kazakhstan.html>
- 5 Nursha A. *The evolution of political thought in Kazakhstan on Eurasian integration: «Euraoptimists» and «Euraskeptic» of Kazakhstan*, Astana–Almaty, 2014, p. 96–136.
- 6 Schott P. *Quarterly Journal of Economics*, 119 (2), 2004, p. 647–678.
- 7 *Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan № 1145 of 30.10.2010 «On Approval of the program of attracting investments, development of special economic zones and export promotion for the period 2010–2014».*
- 8 The issues of domestic goods export to Russia were discussed in Moscow, Kazakhstan Today, 2014, August, 18.
- 9 *Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan № 1145 of 30.10.2010 On Approval of the program of attracting investments, development of special economic zones and export promotion for the period 2010–2014.*
- 10 Issekeshov A. [ER]. Access mode: <http://inform.kz/rus/article/2440763>, This year the government will continue to promote the implementation of Kazakhstan's exports policy, 14 February, 2012.
- 11 *The second five-year plan of industrialization will increase national export*, Kazakhstan Today, 2014, July, 3.

ӘОЖ 338.43:338.242.2

А.А.Нұрғалиева, Е.А.Нұрғалиев, Р.Б.Сартова

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*  
(E-mail: sartova2010@mail.ru)

### Ауылдық аймақтар экономикасының даму деңгейлері

Мақала аймақтағы экономиканың даму мәселелерін және болашағын зерттеуге арналған. Аймақтың дамуы бұл экономикалық, өндірістік, техникалық, әлеуметтік, этнодемографиялық, табиғи-экологиялық және басқа да үрдістердің өзара байланысы арқылы сипатталды. Авторлар аймақтық басқарудың жалпы түріндегі ең басты мәселесі аймақтың экономикалық кеңістік арнасында экономикалық қорлардың айналымын реттеу және осының негізінде тиімді қайта өндірістік үрдісінде жатыр деген қорытындыға келді. Сонымен қатар аймақтардың экономикасының даму деңгейлерінің өз заңдылықтары бар, оның жан-жақты толықтай тіркеу негізінде аймақтың саясаты жасалу керектігі жайында ұсыныс жасады.

*Кілт сөздер:* аймақтағы экономика, аймақтық саясат, инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік реттеу, халықаралық экономикалық саясат, экономикалық өсім, экономикалық даму, инфрақұрылымды жетілдіру, халық шаруашылық салалары, аймақтық басқару.

Аймақтық басқарудың экономикалық негізінде мыналар жату керек: коммуналдық меншікке аймақтың құқы және барлық аймақтық қорларға ие болу, қолдану және жұмсауға республика берген өкілдігі. Ең алдымен, аймақтық органдардың мемлекеттік басқару функциясын, өз іс-әрекетінде республиканың мүдделерімен анықталатын артықшылықты жүзеге асырады.